

Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 қыркүйекте № 12032 болып тіркелді.

"Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидалар бекітілсін:

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіп кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 11 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 18 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 20 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2015 жылғы 13 тамыз

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 29 маусымдағы
№ 15-08/590 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидалар

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.05.2020 № 186 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) алып қою актісі – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 15-4/513 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11753 болып тіркелген) (бұдан әрі – Бұйрық) бекітілген Карантинді объектілермен залалданған, залалсыздандыруға немесе қайта

өңдеуге жатпайтын карантинге жатқызылған өнімді алып қою және жою жөніндегі қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор беретін карантиндік объектілермен залалданған, залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге жатпайтын карантинге жатқызылған өнімді алып қою актісі;

2) зертханалық сараптама – карантинге жатқызылған өнімнің үлгілерін, зиянкестерді, өсімдік ауруларын қоздырғыштарды және арамшөптерді олардың түрлік құрамын және карантиндік объектілерге және бөтен текті түрлерге тиесілілігін айқындау мақсатында зерттеу;

3) залалсыздандыру – карантиндік объектілерді жоюға бағытталған карантинге жатқызылған өнімге қатысты іс-қимылдар жиынтығы;

4) Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау – карантинге жатқызылған өнімді әкелу, әкету, мемлекетішілік тасымалдау және өткізу тәртібі мен рәсімдерін қамтамасыз етуге, сондай-ақ өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды өткізуге бағытталған карантиндік фитосанитариялық шаралар кешені;

5) карантиндік фитосанитариялық сараптау – карантинге жатқызылған өнімнің (карантинге жатқызылған жүктердің, карантинге жатқызылған материалдардың, карантинге жатқызылған тауарлардың), карантиндік объектілердің және реттелетін карантинге жатпайтын зиянды организмдердің үлгілерін (сынамаларын) зерттеу және карантиндік фитосанитариялық сараптама қорытындысын беру жөніндегі рәсімдер кешені;

6) карантинге жатқызылған өнім партиясы – бір көлік құралымен бір межелі пунктке бір алушыға жіберуге арналған карантинге жатқызылған өнім саны;

7) карантиндік зертхана – әкелінетін және отандық карантинге жатқызылған өнім үлгілеріне карантиндік объектілерді анықтау мәніне зертханалық сараптама жүргізетін, объектілердің карантиндік және бөтен текті түрлерге тиесілілігі белгіленетін, аспаптармен және карантиндік объектілер жөніндегі әдебиетпен жабдықталған өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті ұйымның стационарлық зертханасы;

8) карантиндік тексеріп-қарау – карантинге жатқызылған өнімнің кез келген бөлігін зерттеп-қарауға, сондай-ақ карантинге жатқызылған өнімнің әртүрлі бөліктерінен үлгілерді іріктеп алуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, тауарлар қаптамасын ашуға байланысты карантинге жатқызылған өнім партиясын немесе көлік құралының жүк жайын не сыйымдылықтарды, контейнерлерді және карантинге жатқызылған өнім болатын немесе болуы мүмкін өзге де орындарды көзбен зерттеп-қарау;

9) карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісі – карантиндік тексеру сәтінде карантинге жатқызылған өнімнің және көлік құралының жүк жайының

карантиндік жай-күйі туралы куәландыратын, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беретін құжат;

10) карантинге жатқызылған өнімді қайтару актісі – әкелуге жатпайтын импорттық карантинге жатқызылған өнімді қайтару жөнінде немесе карантинге жатқызылған өнімді тасымалдаушы карантинге жатқызылған өнімді өсімдіктер карантині жөніндегі бақылау мен қадағалауға көрсетуден бас тартқан жағдайда, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беретін құжат;

11) карантиндік хабарлама – өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органды алдағы уақытта карантинге жатқызылған өнімнің келіп түсетіні, оның жай-күйі және (немесе) оның межелі пунктінде егжей-тегжейлі тексеріп қарау қажеттігі туралы хабардар ететін құжат;

12) карантиндік қарап-тексеру – ыдысты, ораманы ашпастан және үлгілерді іріктеп алмастан карантинге жатқызылған өнімді, оның ішінде көлік құралдарын (көлік құралдарының кабиналарын, салондарын, багаж және жүк бөлімшелерін, контейнерлерді), жеке тұлғалардың қол жүгі мен багажын көзбен зерттеп-қарау;

13) мөртаңба – өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың қолтаңбасын және келу орындары мен жеткізу орындарында жүргізілген карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша қабылданған шешімді растау үшін карантиндік, фитосанитариялық сертификаттарда, көліктік (тасымалдау) құжаттарда және карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актілеріне қоятын мөр;

14) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор – мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалауды тікелей жүзеге асыратын өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы;

15) өсімдіктер – тұқымдарды қоса алғанда, тірі өсімдіктер және олардың бөліктері;

16) өсімдік салымдары – почта жөнелтімдеріндегі, жолаушылардың қол жүгіндегі және багажындағы өсімдіктер карантині жөніндегі бақылау мен қадағалауға жататын өсімдіктен алынатын өнім;

17) өсімдіктердің сыртқы карантині – карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің карантинге жатқызылған өніммен бірге импортталатын аумақтан әкелінуін және экспортталатын аумақтан әкетілуін болдырмауға бағытталған өсімдіктер карантині;

18) өсімдіктен алынатын өнім – өзінің табиғаты және (немесе) өңдеу тәсілі бойынша карантиндік объектілердің Қазақстан Республикасының аумағына ену және (немесе) онда таралу қаупін төндіретін өңделмеген өсімдіктен алынатын материал (шикізат);

19) өсімдіктердің ішкі карантині – карантиндік объектілердің Қазақстан Республикасының ішінде таралуының алдын алуға, карантиндік объектілердің ошақтарын уақтылы анықтауға, оқшаулауға және жоюға бағытталған өсімдіктер карантині;

20) өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – өсімдіктер карантині саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

21) өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті ұйым – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес функцияларды жүзеге асыратын ұйым;

22) транзит елі – карантинге жатқызылған өнім сақталмай, бөліктерге бөлінбей, қайта оралмай өтетін және осы елде карантиндік объектілермен залалдану қатеріне ұшырамайтын ел.

3. Өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғауға, оларды анықтауға, оқшаулауға және жоюға, залалданған карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруға, техникалық қайта өңдеуге, тазалауға және жоюға, үй-жайлар мен көлік құралдарын залалсыздандыруға және тазалауға, карантинге жатқызылған өнімді қайтаруға, өсімдіктер карантині саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға бағытталған.

4. Өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар:

ауыл шаруашылығы, орман және сәндік дақылдардың себілетін және отырғызылатын материалына, өсімдіктерге және олардың бөліктеріне (қалемшелер, баданалар, түйнектер, жемістер), сондай-ақ карантиндік объектілерді тасымалдаушы болуы мүмкін басқа да өсімдіктен алынатын кез келген өнімге;

өсімдіктер ауруларын қоздырушылары - тірі саңырауқұлақтар, вирустар, бактериялар өсімдеріне, сондай-ақ нематодаларға, кенелер мен жәндіктерге;

жәндіктердің, өсімдіктер ауруларын қоздырушылардың коллекцияларына, гербарийлерге және тұқымдар коллекцияларына;

карантиндік объектілерді тасымалдағыштар болуы мүмкін ауыл шаруашылығы машиналарына және топырақ өңдеуге арналған құралдарға, көлік құралдарына, ыдыстың барлық түріне, буып-түю материалдарына, өсімдік материалдарынан жасалған өнеркәсіп тауарлары мен бұйымдарына, топырақ құймалары мен үлгілеріне;

почта жөнелтімдеріндегі, жолаушылардың қол жүгі мен багажындағы өсімдік салымдарына;

басқа мемлекеттерден немесе карантиндік аймақтардан келген көлік құралдарына;

өсімдіктен алынатын өнімді өндіретін, дайындайтын, жинайтын, өңдейтін және өткізетін ұйымдардың, шаруа (фермер), үй жанындағы және саяжай шаруашылықтарының аумағына және үй-жайларына;

ауыл шаруашылығына және басқа мақсатқа арналған жерлерге, сондай-ақ орман, су қоры жерлеріне;

ішкі сауда объектілері, теміржол вокзалдары, автовокзалдар, өзен порттары, айлақтар, почта операторларының өндірістік объектілеріне;

жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын сақтауына қолданылады.

5. Қызметі өсімдіктен алынатын өнімді өндіруге, дайындауға, өткізуге, тасымалдауға байланысты жеке адамдар, ұйымдардың басшылары осы ұйымдарда карантиндік фитосанитариялық іс-шаралардың орындалуына жауапты адамдарды айқындайды және олардың жұмыс істеуіне жағдайлар жасайды.

2-тарау. Қазақстан Республикасы аумағын карантиндік және бөтен текті түрлерден қорғау тәртібі

1-параграф. Карантинге жатқызылған өнімді әкелу кезіндегі қорғау (өсімдіктердің сыртқы карантині)

6. Жеткізуші карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына жеткізуге шарт жасасқан кезде уәкілетті органнан карантиндік объектілерді әкелудің алдын алу жөніндегі карантиндік фитосанитариялық талаптар, карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы қажетті ақпаратты алады және Еуразиялық Экономикалық Комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 157 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы және кедендік аумағындағы карантинге жатқызылған өнімге және карантинге жатқызылған объектілерге қойылатын бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптармен (бұдан әрі – Бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптар) айқындалған әкелу шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді.

7. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттің басталуы мен аяқталуы фитосанитариялық бақылау бекеттері арқылы ғана жүзеге асырылады.

8. Карантинге жатқызылған өнім, сондай-ақ көлік құралдары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-4/282 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11739 болып тіркелген) бекітілген өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес Қазақстан Республикасының карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден таза аумағына әкелінеді.

Фитосанитариялық бақылау бекеттерінде әкелінетін, әкетілетін және транзиттік карантинге жатқызылған өнімге бастапқы карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүргізіледі.

Карантинге жатқызылған өнімнің межелі пункттерінде қайталама карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда, карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүргізу кезінде карантинге жатқызылған өнімнің аумағы мен шыққан жерінің, межелі пунктінің, сондай-ақ карантиндік объектілерден және (немесе) бөтен текті түрлерден таза немесе олардың таралуы шектеулі аймақтардың, орындардың, өндіріс учаскелерінің фитосанитариялық сипаттамасы ескеріле отырып, карантиндік фитосанитариялық сараптама және (немесе) зертханалық сараптама жүргізу үшін үлгілер іріктеледі.

Морфологиялық белгілері бойынша карантиндік объектілерге, бөтен текті түрлерге, өсімдік ауруларының белгілеріне ұқсас организмдер, карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік объектілермен және бөтен текті түрлермен зақымдану белгілері анықталған жағдайда, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор зиянкестердің, өсімдік ауруларының және арамшөптердің түрлік құрамын анықтау үшін үлгілерді зертханалық сараптамаға жібереді және бұл өнімді пайдалану шарттары туралы жазылған карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау бойынша акті жасайды.

Іріктеліп алынған үлгілерді тасымалдау үшін тиісті сыйымдылығы, герметикалық жабылатын тығыны немесе қақпағы бар шыны немесе синтетикалық материалдардан жасалған ыдыстар не полимерлі материалдардан жасалған пакеттер не пергамент қағазы қолданылады.

Өнімнің үлгісімен жанасатын орауға арналған материалдар су өткізбейтін және майға төзімді, ерімейтін және сіңірмейтін, іріктелген үлгінің бүтіндігін қамтамасыз ететін болуы тиіс.

Зерттеуге іріктелген сынамаларды құрғақ таза шыны, полиэтиленді ыдысқа, біржолғы түтіктерге немесе полиэтиленнен, қағаздан жасалған қаптарға салады.

Шыны, полиэтиленді ыдыстарды, түтіктерді, қаптарды пергамент қағазға орайды, жіппен байлайды немесе тығыз бекітіп тастайды. Әр үлгі мөрленеді.

Мөрлегеннен кейін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор карантиндік зертханаға тасымалдау кезінде олардың өзара араласуын, шашылуын және мөрдің бедерін бүлдірмей үлгілерге қол жеткізу мүмкіндігін болдырмау мақсатында үлгінің оқшауланғанына, іріктелген сынамалардың бүтіндігі қамтамасыз етілгеніне көз жеткізеді.

Әр үлгі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор толтыратын жапсырмамен (зерттеулердің соңына дейін сақталады) жабдықталады.

9. Әкелінетін карантинге жатқызылған өнім Қазақстан Республикасының аумағында жабық немесе изотермиялық, жарамды және пломбаланған контейнерлерде, герметикалық орамдарда, вагондарда, автофургондарда, авторефрижераторларда және жүк көлік құралдарының басқа да түрлерінде тасымалданады.

Карантинге жатқызылған өнімнің иеленушісі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесін (бұдан әрі – аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші)) карантинге жатқызылған өнімнің келгені туралы кез келген қолжетімді әдіспен хабардар етеді және келген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жеткізу, межелі орнында карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалауды жүзеге асыру үшін карантинге жатқызылған өнімді көрсетеді.

10. Карантиндік объектілер және бөтен текті түрлермен залалданудың жасырын нысаны бар карантинге жатқызылған өнім интродукциялық-карантиндік питомниктерде:

себу мен отырғызу материалының үлгілерін, оның ішінде ғылыми-селекциялық және сорттық сынау мақсаттары үшін;

ғылыми-зерттеу мекемелері және ботаникалық бақтар арасында алмасу тәртібімен себу мен отырғызу материалының үлгілерін міндетті тексеру шартымен әкелінеді.

11. Заңның 13-бабы 2-1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес экспорттаушы елдердің ұлттық карантин қызметтерінің фитосанитариялық сертификатын көрсетпей жоғары фитосанитариялық тәуекелді карантинге жатқызылған өнімдерді әкелуге тыйым салынады.

12. Межелі пунктерде, уақытша сақтау орындарында, кедендік бақылау аймақтарында немесе Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде әкелінетін карантинге жатқызылған өнімді кедендік тазарту және кедендік құжаттарды ресімдеуді өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фитосанитариялық сертификаттарда, тауар-көлік құжаттарында және карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісінде карантиндік фитосанитариялық бақылаудан және қадағалаудан өткені туралы тиісті мөртаңба қоя отырып, қайталама карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүргізгеннен кейін жүзеге асырады.

13. Фитосанитариялық бақылау бекеттерінде карантинге жатқызылған өнімді өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалауды аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті беруші) фитосанитариялық бақылау бекеттерінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

14. Фитосанитариялық бақылау бекеттерінде, межелі орындарда, уақытша сақтау орындарында немесе Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік заңнамасына және (

немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталған жеткізу орындарындағы кедендік бақылау аумақтарында карантинге жатқызылған өнімді өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау, сондай-ақ жете тексеру карантинге жатқызылған өнімді тиісті карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісін ресімдей отырып, кедендік тазалауға дейін жүзеге асырылады.

15. Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор карантинге жатқызылған өнім иеленушілерге Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын түсіндіреді, әкелінетін карантинге жатқызылған өнімнің Бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптарға сәйкестігін тексереді, фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімге фитосанитариялық сертификаттың болуын белгілейді, көлікке, карантинге жатқызылған өнімге сыртқы тексеру жүргізеді.

16. Егер тасымалдаушы карантинге жатқызылған өнімді мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүргізу үшін көрсетуден бас тартса, онда ол экспорттаушы елге оның иеленушісінің қаражаты есебінен қайтарылуға жатады, бұл туралы өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор карантинге жатқызылған өнімді қайтару актісін жасайды, карантинге жатқызылған өнімді экспорттаушы елге қайтаруды жүзеге асыру кезінде тиісті аумақтық бөлімшені (көрсетілетін қызметті берушіні), Қазақстан Республикасының шекара органдарын және мемлекеттік кірістер органдарын хабардар етеді.

17. Карантиндік объектілерді сол жерде айқындау мүмкін болмаған жағдайда, үлгілер мен объектілер объектілердің карантиндік түрлерге түрлік тиесілілігін растау үшін уәкілетті ұйымға жіберіледі.

Карантинге жатқызылған өнімді алып қоюды (оның ішінде почта жөнелтімдерінен, қол жүгінен және багаждан) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор немесе автомобиль өткізу пунктіндегі уәкілетті адам жүзеге асырады, ол туралы алып қою актісі жасалады.

18. Карантинге жатқызылған өнім карантиндік тексеруден өткеннен және өсімдіктер карантині жөніндегі қажетті іс-шаралар жүргізілгеннен кейін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор ілеспе тауарлық-көлік құжаттарына осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша карантиндік фитосанитариялық бақылаудан және қадағалаудан өткені туралы тиісті мөртабан қояды және карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісін иеленушіге береді.

Фитосанитариялық бақылау бекеттерінде карантинге жатқызылған өнімдермен жүргізілетін жүк операцияларын (бір көлік құралынан басқа көлік құралына қайта тиеуді) өсімдіктер карантині жөніндегі фитосанитариялық бақылау және қадағалау өткізілгеннен кейін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың рұқсаты бойынша оның иеленушілері жүргізеді.

Өсімдіктер карантині саласындағы заңнаманы бұзушылықтар болмаған жағдайда, карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісі 1 (бір) жұмыс күні ішінде ресімделеді.

19. Карантинге жатқызылған өнімді және көлік құралдарын қайталама карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау Заңның 7-бабы 1-тармағының 24) тармақшасына сәйкес жүргізіледі.

Карантинге жатқызылған өнімнің межелі пунктінде кедендік ресімдеуді аяқтау үшін талдау мен сараптауға үлгілерді іріктеуді өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор жүзеге асырады. Морфологиялық белгілері бойынша карантиндік объектілерге, бөтен текті түрлерге ұқсас организмдер, өсімдіктер ауруларының белгілері, карантинге жатқызылған өнімдердің карантиндік объектілермен, бөтен текті түрлермен залалдану белгілері анықталған кезде, үлгілер зиянкестердің, өсімдіктер ауруларының және арамшөптердің түрлік құрамын анықтау үшін зертханалық сараптамаға жіберіледі, олардың нәтижелері бойынша осы өнімді пайдалану шарттарын жаза отырып, карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісі жасалады.

Объектілердің карантиндік түрлерге тиесілілігін өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті ұйым растайды.

Зертханалық сараптама куәлігін бере отырып, карантиндік объектілердің түрлік құрамын айқындау мерзімдері осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес айқындалады.

2-параграф. Уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар

20. Уәкілетті органның ведомствосы мынадай жағдайларда уақытша карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізеді:

1) Қазақстан Республикасының аумағында карантиндік фитосанитариялық жағдайдың нашарлауы;

2) тиісті халықаралық ұйымдардан, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден және (немесе) үшінші елдерден қабылданатын карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы ақпараттың алынуы;

3) егер карантиндік фитосанитариялық шараларды қолданудың тиісті ғылыми негіздемесі жеткіліксіз болып табылса немесе оны қажетті мерзімдерде ұсынуға мүмкіндік болмаса;

4) үшінші елдерден әкелінетін карантинге жатқызылған өнімде (карантинге жатқызылған жүктерде, карантинге жатқызылған материалдарда, карантинге жатқызылған тауарларда) карантиндік объектілердің жүйелі түрде анықталуы.

21. Уәкілетті органның ведомствосы мыналардың негізінде енгізілген уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралардың күшін жою туралы шешім қабылдайды:

1) уақытша карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізуге ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы экспорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі ұлттық қызметінен келіп түскен ақпараттың мақұлдануы;

2) енгізілген уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралардың күші жойылған жағдайда, экспорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі ұлттық қызметінің кепілдігімен енгізілген уақытша карантиндік фитосанитариялық шараларды жою туралы, карантиндік фитосанитариялық шаралар мен талаптарды бұзу фактілеріне жол бермеу туралы сұранымның мақұлдануы;

3) фитосанитариялық тәуекелді талдау негізінде карантиндік фитосанитариялық шараларды және (немесе) карантиндік фитосанитариялық талаптардың қайта қаралуы;

4) экспорттаушы елдің өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жүйесі аудитінің және (немесе) өндіріс аймақтарын, орындарын, учаскелерін инспекциялау нәтижелері.

3-параграф. Карантинге жатқызылған өнімді шығару

22. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкету Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы халықаралық шарттарында, сондай-ақ импорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі ұлттық қызметтерінің талаптарында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

23. Заңның және осы Қағидалардың талаптары сақталған кезде карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге импорттаушы елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкес тиісті аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) беретін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фитосанитариялық сертификат болған кезде рұқсат етіледі.

24. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге әкетілетін карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік жай-күйінің карантиндік фитосанитариялық талаптарға сәйкестігін бастапқы тиеп-жөнелту орындарында және қайталама - теңіз және өзен порттарында (айлақтарында), әуежайларда, темір жол станцияларында, почта операторларының өндірістік объектілерінде, ішкі сауда объектілерінде, автовокзалдарда (автостанцияларда) және экспорттық партияларды қайта тиеу (қалыптастыру) кезінде өзге де объектілерде импорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары куәландырады.

Морфологиялық белгілері бойынша карантиндік объектілерге, бөтен текті түрлерге ұқсас организмдер, өсімдіктер ауруларының белгілері, карантинге жатқызылған өнімдердің карантиндік объектілермен, бөтен текті түрлермен залалдану белгілері анықталған кезде, үлгілер зиянкестердің, өсімдіктер ауруларының және арамшөптердің түрлік құрамын анықтау үшін зертханалық сараптамаға жіберіледі, олардың нәтижелері бойынша осы өнімді пайдалану шарттарын жаза отырып, карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісі жасалады.

Жүкті қайта тиемей әкету кезінде шекаралық пунктте және фитосанитариялық бақылау бекетінде тиеп-жөнелту орнынан берілген фитосанитариялық сертификаттың дұрыс ресімделуін ғана қадағалау жүзеге асырылады.

25. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы не аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі арқылы не "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы тиісті аумақтық бөлімшеге жүгінеді және мыналарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат алуға арналған өтініш;

2) көрсетілетін қызметті алушы өкілінің жеке басын куәландыратын құжат және (немесе) өкілеттігін куәландыратын құжат (аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне және Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі).

Портал арқылы жүгінген кезде жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы мәліметтерді аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) және көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беруге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.

26. Фитосанитариялық сертификат немесе оны беруден уәжді бас тарту өтініш берілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қағаз нысанда ресімделеді.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде өтінішті қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

27. Көрсетілетін қызметті алушы аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне не порталға жүгінген кезде:

1) аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) кеңсесінің қызметкері карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беруге арналған өтінішті келіп түскен күні тіркейді және оны аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысына қарауға

береді, ол өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспекторды тағайындайды;

2) өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор:

өтініш келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар мен өтініште қамтылған мәліметтердің толықтығын және дұрыстығын қарайды;

карантинге жатқызылған өнімнің фитосанитариялық жай-күйін анықтау үшін қажет болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының қатысуымен үлгілерді іріктей отырып, карантинге жатқызылған өнімді тексеріп қарауға барады;

карантинге жатқызылған өнімді тексеріп қарау негізінде 1 (бір) жұмыс күні ішінде карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісін ресімдейді;

карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісінің негізінде "e-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесін (бұдан әрі – ББАЖ АЖ) пайдалана отырып, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фитосанитариялық сертификатты немесе оны беруден уәжді бас тартуды ресімдейді.

дайындалған фитосанитариялық сертификатты немесе оны беруден уәжді бас тартуды аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне береді;

3) аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі дайындалған фитосанитариялық сертификатты немесе оны беруден уәжді бас тартуды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді.

28. Фитосанитариялық сертификатты немесе оны беруден уәжді бас тартуды ресімдеу өтінішке карантинге жатқызылған өнімнің мәлімделген партиясының межелі елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкестігін растайтын осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берілген күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен асырмай берілген карантиндік фитосанитариялық сараптама қорытындысы қоса берілген карантинге жатқызылған жылдам бұзылатын өнімді (жемістер, жидектер, көкөністер, бақша дақылдары) Қазақстан Республикасының аумағынан әкету үшін фитосанитариялық сертификат беруге арналған өтініш келіп түскен кезде 3 (үш) жұмыс сағаты ішінде жүзеге асырылады.

Карантинге жатқызылған өнімнің мәлімделген партиясының межелі елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкестігін растайтын осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берілген күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен асырмай берілген карантиндік фитосанитариялық сараптама қорытындысы қоса берілген өтініш келіп түскен кезде аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі оларды тіркейді және аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысына қарауға береді, ол өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспекторды тағайындайды.

Өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор ұсынылған құжаттар мен өтініште қамтылған мәліметтердің толықтығын және дұрыстығын

қарайды және ұсынылған құжаттар мен өтініште қамтылған мәліметтердің толық еместігі және дұрыс еместігі фактісі және қолданылу мерзімі өткен құжаттардың ұсынылуы анықталған жағдайда, өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тарту береді.

Өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор карантинге жатқызылған өнімнің мәлімделген партиясының межелі елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкестігін растайтын осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берілген күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен асырмай берілген карантиндік фитосанитариялық сараптама қорытындысы қоса берілген, келіп түскен өтініштің негізінде Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлерге әкетілетін жылдам бұзылатын карантинге жатқызылған өнімге (жемістер, жидектер, көкөністер, бақша дақылдары) ББАЖ АЖ-ны пайдалана отырып, фитосанитариялық сертификатты немесе оны беруден уәжді бас тартуды ресімдейді.

29. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүгінген жағдайда:

1) Мемлекеттік корпорация қызметкері өтініштің дұрыс толтырылуын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және жоқ құжатты көрсете отырып, қолхат береді;

2) барлық қажетті құжаттар ұсынылған кезде Мемлекеттік корпорация қызметкері оларды "Халыққа қызмет көрсету орталықтарына арналған интеграцияланған ақпараттық жүйе" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ХҚО ИАЖ) тіркейді;

3) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіргеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы туралы тиісті ақпарат және берілген құжаттардың тізімі ХҚО ИАЖ-ға енгізіледі және ББАЖ АЖ-ға жіберіледі және көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Фитосанитариялық сертификаттарды аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Мемлекеттік корпорация қолхатта көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алуға келмеген жағдайда, Мемлекеттік корпорация оның 1 (бір) ай сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оны аумақтық бөлімшеге (көрсетілетін қызметті алушыға) береді.

30. Фитосанитариялық сертификат өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың жеке қолы мен мөрі (мөртабан) қойылып беріледі және куәландырылады.

Фитосанитариялық сертификат карантинге жатқызылған өнімнің әрбір партиясына беріледі және оның карантиндік жай-күйін куәландырады, жүргізілген залалсыздандыру, осы өнімді жеткізу жөніндегі басқа да қосымша карантиндік фитосанитариялық талаптардың орындалуы туралы мәліметтерді қамтиды.

31. Фитосанитариялық сертификатты беруден уәжді бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) Қағидалардың 28-тармағына сәйкес фитосанитариялық сертификатты ресімдеу жағдайларын қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушының әкетілетін карантинге жатқызылған өнімді жете тексеруге ұсынбауы;

2) импорттаушы елдің (экспорт кезінде) талаптарымен карантинге жатқызылған өнімде анықталған карантиндік объектілердің болуы рұқсат етілетін жағдайларды қоспағанда, карантинге жатқызылған өнімде карантиндік объектілердің анықталуы;

3) импорттаушы елдің (экспорт кезінде) талаптарына сәйкессіздіктің анықталуы;

4) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органының лауазымды адамына карантинге жатқызылған өнімнің келуі туралы бірнеше рет (екі және одан көп рет) хабарламау және жете тексеруге ұсынбау бұл межелі орынның өзгеру жағдайын қоспағанда, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің тиісті мемлекеттік уәкілетті органынан ақпарат алынғаннан кейін отыз күнтізбелік күн ішінде фитосанитариялық сертификатты беруден бас тартуға негіз болып табылады;

5) көрсетілетін қызметті алушы фитосанитариялық сертификатты алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

6) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) фитосанитариялық сертификатты беру үшін қажетті ұсынылған материалдардың, карантинге жатқызылған өнімнің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

7) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты фитосанитариялық сертификатты алумен байланысты оның қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.

32. Фитосанитариялық сертификаттың түпнұсқасы карантинге жатқызылған өнімді жөнелтушіге беріледі, көшірмесі аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) іс қағазында сақталады.

4-параграф. Қазақстан Республикасының аумағына карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) ғылыми-зерттеу мақсаттарында әкелу

33. Тізбеге сәйкес карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) ғылыми-зерттеу мақсатында әкелу карантинге жатқызылған объект орналасқан тиісті аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) беретін осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді әкелуге келісім-хат негізінде жүзеге асырылады.

34. Көрсетілетін қызметті алушы ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуге келісім алу үшін портал

арқылы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуге өтініш береді.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы мәліметтерді аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) және көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге келісуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес "карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуді келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.

35. Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге келісім-хат немесе оны беруден уәжді бас тарту өтініш берілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ресімделеді.

36. Аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) кеңсесінің қызметкері карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге арналған өтінішті келіп түскен күні тіркейді және оны өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспекторды тағайындайтын аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысына қарауға береді.

37. Өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор өтініш түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

ұсынылған құжаттар мен өтініште қамтылған мәліметтердің толықтығын және дұрыстығын қарайды;

зертхананың осы Қағидаларға 13-қосымшада баяндалған биологиялық қауіпсіздіктің әртүрлі деңгейіндегі карантиндік объектілерге арналған зертханадағы оқшаулау шарттарының тізбесіне сәйкестігін бақылауды жүзеге асыруға барады және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін дайындайды.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартуды береді.

Көрсетілген мерзім ішінде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін – келісу-хатты немесе уәжді бас тартуды басшылықтың қарауына дайындайды және енгізеді.

38. 1 (бір) жұмыс күні ішінде аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшылығы келісім-хатқа немесе уәжді бас тартуға қол қояды және аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне береді. Көрсетілген мерзімде аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі келісім-хатты

немесе электрондық құжат нысанындағы уәжді бас тартуды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы жолдайды. Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге келісім-хат немесе оны беруден уәжді бас тарту аумақтық орган (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында ресімделеді.

39. Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге арналған келісім-хат әрбір карантиндік объектіге беріледі және берілген күннен бастап 6 (алты) ай бойы жарамды болады.

Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге арналған келісім-хат бір реттен артық пайдаланылмайды.

Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге арналған келісім-хат зертхананың осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес биологиялық қауіпсіздіктің әр түрлі деңгейіндегі карантиндік объектілерге арналған зертханаларда оқшаулау шарттарының тізбесінде баяндалған талаптарға сәйкестігін айқындау бойынша бақылау жүргізу нәтижелерімен беріледі.

40. Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге арналған келісім-хатты беруден уәжді бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) карантиндік объектілердің биологиялық қауіпсіздіктің түрлі деңгейіндегі оқшаулау шарттарының тізбесіне сәйкес келмеуі;

2) карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге арналған келісім-хатты алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігінің анықталуы;

3) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, карантинге жатқызылған өнімнің, карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге арналған келісім-хатты беру үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге арналған келісім-хатты алуға байланысты қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы.

41. Карантиндік объектілер Қазақстан Республикасы аумағына жүру жолында олардың таралуын болдырмайтын арнайы контейнерлерде (сыйымдылықтарда) әкелінеді.

42. Карантиндік организмдерді ұстау зертханаларда оқшаулау жағдайында жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті алушылар кейіннен өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың қатысуымен карантиндік объектілерді жою үшін аумақтық бөлімшені (көрсетілетін қызметті беруші) карантиндік объектілерді пайдалана отырып жүргізілген ғылыми зерттеулердің аяқталғаны және тиісті зертханада залалсыздандыру жүргізілгендігі туралы хабардар етеді. Карантиндік объектілерді жоюға және тиісті

зертхананы залалсыздандыруға байланысты жұмсалған шығындарды көрсетілетін қызметті алушы төлейді.

43. Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелген көрсетілетін қызметті алушылар карантиндік объектілердің Қазақстан Республикасының аумағында таралуының алдын алу үшін карантиндік фитосанитариялық шаралар қабылдайды.

44. Карантиндік объектілермен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмысын мәлімделген зертхана шегінде жүргізеді, бұл ретте жұмыстарды ашық топырақта жүргізуге және карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатынан тыс пайдалануға жол берілмейді.

45. Қазақстан Республикасының аумағына ғылыми-зерттеу мақсаттарында әкелінген карантиндік объектілердің таралуының алдын алу мақсатында өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар көрсетілетін қызметті алушылардың карантиндік объектіні ғылыми-зерттеу мақсатында пайдалануға байланысты шектеулерді сақтауларына тұрақты бақылауды мен қадағалауды жүргізеді.

5-параграф. Карантинге жатқызылған өнімді мемлекетішілік тасымалдау (өсімдіктердің ішкі карантині) кезіндегі қорғау тәртібі

46. Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді облысаралық тасымалдау және карантинге жатқызылған өнімді карантиндік аймақтардан әкету осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) портал арқылы беретін карантиндік сертификат болған кезде жүзеге асырылады.

Облысаралық тасымалдау кезінде карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік жай-күйін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар бастапқы тиесп-жөнелту орындарында және қайталама карантинге жатқызылған өнім пайдаланылатын жерде куәландырады.

47. Көрсетілетін қызметті алушылар портал арқылы карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат алу үшін осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш жібереді.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді тіркеу туралы мәліметтерді не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарламаны аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) және көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын, карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға арналған карантиндік сертификат беруге қойылатын негізгі

талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес "Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.

48. Карантиндік сертификат немесе оны беруден уәжді бас тарту 1 (бір) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ресімделеді.

49. Көрсетілетін қызметті алушы порталға жүгінген кезде:

1) аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) кеңсесінің қызметкері карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беруге арналған өтінішті келіп түскен күні тіркейді және оны өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспекторды тағайындайтын аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысына қарауға береді;

2) өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор:

өтініш келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар мен өтініште қамтылған мәліметтердің толықтығын және дұрыстығын қарайды;

карантинге жатқызылған өнімнің фитосанитариялық жай-күйін анықтау үшін карантинге жатқызылған өнімді, қажет болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының қатысуымен үлгілерді іріктей отырып, тексеріп қарауға барады;

карантинге жатқызылған өнімді тексеріп қарау негізінде көрсетілген мерзім ішінде карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісін ресімдейді;

карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісінің негізінде ББАЖ АЖ-ны пайдалана отырып карантиндік сертификатты немесе оны беруден уәжді бас тартуды ресімдейді;

дайындалған карантиндік сертификатты немесе оны беруден уәжді бас тартуды аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне береді;

3) аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі дайындалған карантиндік сертификатты немесе оны беруден уәжді бас тартуды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді.

50. Карантиндік сертификатты немесе оны беруден уәжді бас тартуды ресімдеу өтінішке карантинге жатқызылған өнімнің мәлімделген партиясының Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 131 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20432 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 131 бұйрық) бекітілген карантиндік фитосанитариялық талаптарға сәйкестігін растайтын, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берілген күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен асырмай берілген карантиндік фитосанитариялық сараптама қорытындысы қоса беріле отырып карантинге жатқызылған жылдам бұзылатын өнімді (жемістер, жидектер, көкөністер, бақша дақылдары) Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беруге өтініш келіп түскен кезде 3 (үш) жұмыс сағаты ішінде жүзеге асырылады.

Карантинге жатқызылған өнімнің мәлімделген партиясының № 131 бұйрыққа сәйкестігін растайтын, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берілген күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен асырмай берілген карантиндік фитосанитариялық сараптама қорытындысы қоса берілген өтініш келіп түскен кезде аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі оларды тіркейді және аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысына қарауға береді, ол өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспекторды тағайындайды.

Өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор ұсынылған құжаттар мен өтініште қамтылған мәліметтердің толықтығын және дұрыстығын қарайды және ұсынылған құжаттар мен өтініште қамтылған мәліметтердің толық еместігі және дұрыс еместігі фактісі және қолданылу мерзімі өткен құжаттардың ұсынылуы анықталған жағдайда, өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тарту береді.

Өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор карантинге жатқызылған өнімнің мәлімделген партиясының № 131 бұйрыққа сәйкестігін растайтын, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берілген күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен асырмай берілген карантиндік фитосанитариялық сараптама қорытындысы қоса беріле отырып келіп түскен өтініштің негізінде Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлерге әкетілетін жылдам бұзылатын карантинге жатқызылған өнімге (жемістер, жидектер, көкөністер, бақша дақылдары) ББАЖ АЖ-ны пайдалана отырып карантиндік сертификатты немесе оны беруден уәжді бас тартуды ресімдейді.

51. Карантиндік сертификат өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың электрондық цифрлық қолтаңбасымен куаландырылған электрондық құжат нысанында беріледі.

Карантиндік сертификат карантинге жатқызылған өнімнің әрбір партиясына беріледі және осы өнімді жеткізу бойынша карантиндік фитосанитариялық талаптардың орындалғаны туралы мәліметтер көрсетіле отырып, оның карантиндік жай-күйін куәландырады.

52. Карантиндік сертификатты беруден уәжді бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) осы Қағидалардың 50-тармағына сәйкес карантиндік сертификатты ресімдеу жағдайларын қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушының карантинге жатқызылған өнімді жете тексеруге ұсынбауы;

2) есепке алу нөмірін алған көрсетілетін қызметті алушылар қараөріктің шарка вирусы (*Plum pox potyvirus*) бар жемістер мен жидектерді, қалқаншалы және жалған қалқаншалы сымырлардың карантиндік түрлерін өңдеуге жіберген жағдайда, карантиндік арамшөптермен (*Striga spp.* текті карантиндік арамшөптерді қоспағанда) залалданған астық пен оның өңделген өнімдерін қоспағанда, карантинге жатқызылған өнімде карантиндік объектілердің анықталуы;

3) аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторына карантинге жатқызылған өнімнің келгені туралы бірнеше рет (2 және одан көп рет) хабарламау және жете тексеруге ұсынбау, бұл межелі орнының өзгеру жағдайын қоспағанда, тиісті аумақтық бөлімшеден (көрсетілетін қызметті берушіден) ақпарат алынғаннан кейін отыз күнтізбелік күн ішінде карантиндік сертификатты беруден бас тартуға негіз болып табылады;

4) көрсетілетін қызметті алушы карантиндік сертификатты алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

5) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) карантиндік сертификатты алу үшін қажетті ұсынылған материалдардың, карантинге жатқызылған өнімнің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты карантиндік сертификатты байланысты оның қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.

53. Жүру жолында немесе межелі пунктінде карантинге жатқызылған өнімнің баратын мекенжайын өзгерту аумағында осы операциялар жүзеге асырылатын аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) рұқсатымен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының карантиндік аймағынан әкетілген карантинге жатқызылған өнімді жүру жолында басқа мекенжайға жіберуге жол берілмейді.

Тасымалданатын карантинге жатқызылған өнім оның межелі, жеткізу пунктінде қайталама рет карантиндік тексеріп қаралуы тиіс.

54. Карантинге жатқызылған өнім иеленушісі аумақтық бөлімшені (көрсетілетін қызметті берушіні) карантинге жатқызылған өнімнің келгені туралы кез келген қолжетімді әдіспен хабардар етеді және келген күннен кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей межелі, жеткізу орнында карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалауды жүзеге асыру үшін карантинге жатқызылған өнімді көрсетеді.

Егер тасымалдаушы мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін карантинге жатқызылған өнімді көрсетуден бас тартса, онда ол иеленушінің қаражаты есебінен жөнелтушіге қайтарылуы тиіс, бұл туралы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес карантинге жатқызылған өнімді қайтару актісі жасалады, бұл туралы өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор тиісті аумақтық бөлімшені (көрсетілетін қызметті беруші) хабардар етеді.

6-параграф. Карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруды және көлік құралдарын тазартуды жүргізу

55. Карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру және көлік құралдарын тазалау Заңның 13-бабы 6-тармағына сәйкес жүргізіледі.

56. Көлік құралдарын және карантинге жатқызылған өнімді фумигациялауға дайындауды оның иеленушілері немесе фумигациялық жасақтар мамандарының басшылығымен көліктік ұйым орындайды.

57. Карантинге жатқызылған өнімді басқа мемлекеттерде залалсыздандыруды жүргізген кезде фумигациялық жасақтардың мамандары әкелінетін өнімде фумиганттардың қалдық мөлшерінің болуын тексереді.

58. Карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру мен тазарту, қайтару немесе өңдеу, жүктерді, багажды, сәлемдемелерді ашу мен буып-түю, оларды залалсыздандыру орындарына және кері жеткізу карантинге жатқызылған өнім иеленушілердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

7-параграф. Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалау

59. Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын ұйымдарға (объектілерге) есепке алу нөмірлері беріледі.

60. Қызмет түрі мен өндіріс объектісінің нөмірін қамтитын кодтан тұратын есепке алу нөмірі осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес айқындалады. Қызмет түрін қамтитын код өндіріс объектісінің қызмет түрінің әріптік символдарынан тұрады. Өндіріс объектісінің нөмірі елдің кодынан, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың литерлік кодынан, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) және өндіріс объектісінің реттік нөмірінен тұрады.

Өндіріс объектісінің реттік нөмірі астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруге арналған өтінішті тіркеу кезектілігіне сәйкес айқындалады.

Есепке алу нөмірі қызметтің бүкіл кезеңіне беріледі.

Экспортты жүзеге асыратын өндіріс объектілерінің есепке алу нөміріне "Е" символы қосымша енгізіледі.

61. Өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін тиісті аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) береді.

62. Өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беру үшін көрсетілетін қызметті алушы тиісті аумақтық бөлімшеге (көрсетілетін қызметті берушіге) портал арқылы немесе аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі арқылы:

1) осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруге өтінішті;

2) көрсетілетін қызметті алушы өкілінің жеке басын куәландыратын құжат және (немесе) өкілеттігін куәландыратын құжат (аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне жүгінген кезде жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) ұсынады.

Өтінішті портал арқылы берген кезде жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) және көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Портал мен ақпараттық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес "Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерге есепке алу нөмірін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.

63. Өндіріс объектісіне есептік нөмір беру немесе оны беруден уәжді бас тарту оны алуға өтініш берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ресімделеді.

64. Көрсетілетін қызметті алушы аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне немесе порталға жүгінген кезде:

1) аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) кеңсесінің қызметкері өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруге арналған өтінішті келіп түскен күні тіркейді және оны аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысына қарауға береді, ол өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор тағайындайды.

2) өсімдіктер карантині жөніндегі жауапты мемлекеттік инспектор:

өтініш берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар мен өтініште қамтылған мәліметтердің толықтығын және дұрыстығын қарайды және ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, аумақтық

бөлімше (қызмет беруші) көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартады;

8 (сегіз) жұмыс күні ішінде карантинге жатқызылған объектінің Бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптардың 9 және 10-бөлімдерінің талаптарына сәйкестігіне тексеруге барады;

карантинге жатқызылған объектіні қарау негізінде осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруді растауды (бұдан әрі – растау) немесе оны беруден уәжді бас тартуды ресімдейді.

Растау немесе уәжді бас тарту көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі не басып шығарылады, аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысының қолы қойылып, мөрмен расталады және аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі, ал көшірмелер уәкілетті органның ведомствосына жіберіледі.

65. Уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын өндіріс объектілерінің есепке алу нөмірлерінің тізілімін жүргізеді.

66. Есепке алу нөмірін беруден уәжді бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) карантинге жатқызылған объектінің қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптарға сәйкес келмеуі;

2) карантинге жатқызылған объект аумағында карантиндік объектілердің таралу ошақтарының анықталуы;

3) көрсетілетін қызметті алушының есепке алу нөмірін алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;

4) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, карантинге жатқызылған өнімнің, есепке алу нөмірін беру үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты есептік нөмір алуға байланысты қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.

67. Есепке алу нөмірін кері қайтарып алуға мыналар негіз болып табылады:

1) карантинге жатқызылған объект аумағында карантиндік объектілердің таралу ошақтарының анықталуы;

2) карантиндік фитосанитариялық талаптардың бұзылуы;

3) астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу арқылы алынған өнімде тірі және (немесе) тіршілік етуге қабілетті карантиндік объектілердің анықталуы;

4) залалсыздандырылған және таңбаланған сүректі қаптама материалында тірі және (немесе) тіршілік етуге қабілетті карантиндік объектілердің анықталуы.

8-параграф. Жеке және заңды тұлғалардың карантиндік фитосанитариялық шараларды жүргізуі

68. Қызметі карантинге жатқызылған өнімді өндірумен, дайындаумен, өңдеумен, сақтаумен, тасымалдаумен, өткізумен, әкелумен, шығарумен және залалсыздандырумен байланысты жеке және заңды тұлғалар:

1) Заңның 9-бабы 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының талаптарын және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың өсімдіктер карантині жөніндегі тиісті іс-шараларды жүргізу туралы нұсқамасын сақтайды және орындайды;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 30 қаңтардағы 2020 жылғы № 26 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19973 болып тіркелген) бекітілген Таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесіне енгізілген карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлерді қоспағанда, Заңның 18-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес өз қаражаты есебінен карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

3) Заңның 18-бабы 2-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес өз қаражаты есебінен залалданған карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруды, техникалық қайта өңдеуді, тазартуды және жоюды, карантинге жатқызылған өнімді қайтаруды, үй-жайлар мен көлік құралдарын залалсыздандыруды және тазартуды жүргізеді;

4) Заңның 9-бабы 2) тармақшасына сәйкес өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың талап етуі бойынша карантинге жатқызылған өнім мен карантиндік объектілердің бар-жоғы туралы мәліметтерді табыс етеді;

5) Заңның 9-бабы 3) тармақшасына сәйкес егістікті, аумақты, карантинге жатқызылған өнім сақталатын қоймаларды жүйелі тексеріп отыруды қамтамасыз етеді;

6) Заңның 9-бабы 4) тармақшасына сәйкес карантиндік объектілер анықталған кезде, 1 (бір) жұмыс күні ішінде аумақтық бөлімшені (көрсетілетін қызметті берушіні) хабардар етеді;

7) Заңның 9-бабы 6) тармақшасына сәйкес карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулауды және жоюды жүргізу кезінде жәрдем көрсетеді;

8) Заңның 9-бабы 8) тармақшасына сәйкес енгізілген уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар талаптарын сақтайды;

9) Заңның 12-1-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына және 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес карантинге жатқызылған өнімді облысаралық және мемлекетаралық тасымалдау кезінде карантинге жатқызылған өнімнің келгені аумақтық бөлімшені (көрсетілетін қызметті берушіні) туралы кез келген қолжетімді әдіспен хабардар етеді және карантинге жатқызылған өнімді келген күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей межелі, жеткізу орындарында карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалауды жүзеге асыру үшін көрсетеді.

9-параграф. Жергілікті атқарушы органдардың карантиндік шараларды жүргізуі

69. Заңның 9-1-бабы 1) тармақшасына сәйкес облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) карантиндік объектілердің таралуын есепке алуды жүргізеді және уәкілетті орган мен мүдделі адамдарға ақпарат ұсынады.

70. Заңның 9-1-бабы 2) тармақшасына сәйкес өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың нұсқамасы бойынша теміржол станцияларындағы, теңіз және өзен порттарындағы (айлақтардағы), әуежайлардағы, автовокзалдардағы (автостанциялардағы), ішкі сауда объектілеріндегі, почта байланысы ұйымдарындағы және өзге де объектілердегі карантиндік аймақтарда жеке және заңды тұлғалардың - осы объектілерді иеленушілердің, сондай-ақ мемлекеттік органдардың өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуін ұйымдастырады.

10-параграф. Карантиндік объектілерді анықтау

71. Карантиндік объектілерді анықтау, олардың таралу ошақтарының шекараларын айқындау мақсатында жер және орман алқаптары, егістер, ауыл шаруашылығы, сәндік, дәрілік және басқа дақылдардың екпелері, ғимараттар, құрылыстар, контейнерлер, қоймалар, өзге объектілер карантинге жатқызылған өнімді өндірумен, өңдеумен, сақтаумен, тасымалдаумен және өткізумен байланысты ұйымдардың аумақтары және карантиндік объектілерді залалдандыру және тарату көздері болуы мүмкін өзге объектілер жүйелі түрде зерттеп-қаралуы тиіс.

Осы жұмыстарды орындауды өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың нұсқамалары бойынша жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің "Республикалық фитосанитариялық диагностика

және болжамдар әдістемелік орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі қамтамасыз етеді.

Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары көрсетілген объектілерге бақылау зерттеп-қарауды жүргізеді. Бақылау зерттеп-қарау нәтижелері осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес өсімдіктер карантині жөніндегі бақылау және қадағалау жүргізу туралы актімен рәсімделеді.

11-параграф. Шұғыл шаралар

72. Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет немесе жаңадан анықталған карантиндік объектілердің таралу ошақтары анықталған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы дереу оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуін ұйымдастырады және бақылайды.

73. Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет немесе жаңадан анықталған карантиндік объектілердің таралу ошақтарын дереу оқшаулау және жою жөнінде шұғыл шаралар жүргізу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

74. Шұғыл шаралар жүргізу үшін қажетті тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

75. Шұғыл шаралар жүргізу мемлекеттік монополияға жатады және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің "Фитосанитария" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жүзеге асырады.

12-параграф. Карантин белгілеу және алу

76. Карантиндік объектілер анықталған кезде таралу шекарасын көрсете отырып, карантиндік объектінің түрі бойынша карантиндік аймақтар белгіленеді.

Заңның 9-1-бабы 3) тармақшасына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында карантиндік аймақты белгілеу туралы шешімді уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің ұсынымы келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тиісті жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

Заңның 7-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес екі немесе одан да көп облыс аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу немесе оны жою туралы шешімді (облыс аумағында карантиндік объектінің жергілікті таралу жағдайларын қоспағанда) уәкілетті органның ведомствосы қабылдайды.

77. Карантиндік аймақтарда карантиндік объектілер залалдаған карантинге жатқызылған өнімді әкетуге тыйым салынады немесе шектеу енгізіледі, өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар әзірленіп, жүзеге асырылады.

Карантиндік аймақтан әкетілген залалданған өнім қайтарылуға, тазартуға, залалсыздандырылуға немесе өңдеуші ұйымдарға берілуі тиіс.

Залалданған өнімді залалсыздандыру немесе өңдеу мүмкін болмаған жағдайда, Бұйрыққа сәйкес ол алынуы және жойылуы тиіс.

Карантиндік шектеулер және өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар тізбесі карантиндік аймақтың жеке, заңды тұлғаларына және халқына хабарланады.

78. Карантиндік аймақты алу жүйелі зерттеп-қарау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Заңның 9-1-бабы 3) тармақшасына сәйкес егер карантиндік аймақ белгіленген сәттен бастап 3 (үш) жыл бойы карантиндік объектілер анықталмаса, онда осы аумақтан уәкілетті орган ведомствосының ұсынысы бойынша карантиндік аймақ алынады.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымдану тәртібі

79. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Қазақстан Республикасының
аумағын карантиндік
объектілерден және бөтен текті
түрлерден қорғау жөніндегі
қағидаларға
1-қосымша
Нысан

(құжатты берген уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің атауы)

Карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісі

(берілген күні)

№ _____

Мен, уәкілетті лауазымды адам, _____

(лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ келіп түскен
(елдің атауы)

_____ шыққан
(елдің атауы)

фитосанитариялық сертификат _____

(фитосанитариялық сертификаттың нөмірі, берілген күні)

_____ берілген
(елдің атауы)

_____ (карантинге жатқызылған өнімнің атауы мен саны)

карантинге жатқызылған өнімге және _____ көлік

құралына карантиндік бақылау және қадағалау жүргіздім.

экспорттаушы (жөнелтуші): _____

(ұйымның атауы, мекенжайы)

импорттаушы (алушы): _____

(ұйымның атауы, мекенжайы)

_____ нәтижесінде _____ анықталды

(іс-шараның атауы)

_____ Карантинге жатқызылған өнімді талдау немесе сараптау үшін

_____ мөлшерінде үлгілер (сынамалар) іріктеліп алынды

(тиісті өлшем бірлігінде)

_____ үлгісімен іс-әрекет

Мынадай карантиндік фитосанитариялық іс-шаралар белгіленеді: _____

_____ Акт жүк иесінің (өкілінің) қатысуымен жасалды: _____

(қолы)

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор:

(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Мөрдiң орны

Карантиндік фитосанитариялық
және бақылау және қадағалау
актісіне
қосымша

p/c №	Карантинге жатқызылған өнімнің атауы	Фитосанитариялық сертификаттың нөмірі	Карантинге жатқызылған өнімнің саны (тиісті өлшем бірлігінде)	Іріктеліп алынған орташа үлгілер (сынамалар)		
				саны	өлшем бірлігі	үлгімен іс-қимыл

Өсімдіктер карантині жөніндегі
мемлекеттік инспектор

Мөрдiң орны

(қолы)

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасының
аумағын карантиндік
объектілерден және бөтен текті
түрлерден қорғау жөніндегі
қағидаларға
2-қосымша
Нысан

(өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган ведомствосы аумақтық
бөлімшесінің атауы)

№ ____ карантинге жатқызылған өнімді қайтару актісі

Осы актіні мемлекеттік өсімдіктер карантині жөніндегі инспектор

теміржол станциясы, өткізу пункті өкілінің және (немесе) кеден және
шекара органдары өкілдерінің _____
_____ қатысуымен жасады.

20__ жылғы " __ " _____
вагондардың нөмірлері _____
мөлшері _____ тонна/килограмм, _____ орын
карантинге жатқызылған өнім _____ келіп түсті.

Жөнелтуші _____

Экспедитор _____

Алушы _____

Көрсетілген жүк "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы
Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 5-тармағына сәйкес _____
_____ себебі бойынша қайтарылды.

Өсімдіктер карантині жөніндегі
мемлекеттік инспектор

(қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Актінің көшірмесі берілді _____

(қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

20 ____ жылғы " ____ "

Қазақстан Республикасының
аумағын карантиндік
объектілерден және бөтен текті
түрлерден қорғау жөніндегі
қағидаларға
3-қосымша
Нысан

Жапсырма/Этикетка

Карантинге жатқызылған өнімнің шыққан жері /

Происхождение подкарантинной продукции _____

_____ ;

(ел, облыс, аудан/страна, область, район)

Өнімнің атауы/Наименование продукции _____

_____ ;

Партия көлемі (салмағы, орын)/Объем партии (вес, мест) _____

_____ ;

Карантинге жатқызылған өнімнің мақсаты/ Назначение подкарантинной

продукции _____ ;

(өткізу, тұқымдық, отырғызылатын/реализация, семенной, посадочный)

Үлгілерді іріктеу шарттары (температура, ылғалдылық, химиялық өңдеу) /

Условия отбора образцов (температура, влажность, химическая обработка)

_____ ;

Үлгінің көлемі (салмағы)/Объем (вес) образца _____ ;

Жөнелтуші/Отправитель _____

_____ ;

(занды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/

наименование юридического или фамилия, имя, отчество (при его наличии)

физического лица)

Алушы/Получатель _____;

(фирма, шаруашылық/фирма, хозяйство)

Қосымша ақпарат (тікелей арналған немесе транзиттік жүк, қайта тиеу орны)/
Дополнительная информация (груз прямого назначения или транзитный, место
перегрузки) _____;

Үлгі иесінің (өкілдің) аты, әкесінің аты (бар болса), тегі / фамилия, имя, отчество
(при его наличии) собственника образца (представителя) _____
_____;

Қолы/Подпись _____;

Үлгіні іріктеп алған өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың аты,
әкесінің аты (бар болса), тегі/фамилия, имя, отчество (при его наличии)
государственного инспектора по карантину растений отобравшего образец

_____;

Үлгі алынған күні/ Дата отбора образца _____;

Қолы/Подпись _____;

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың мөрі немесе
мөртаңбасының орны/место печати или штампа государственного инспектора по
карантину растений

Үлгіні қабылдаған зертхана маманы/специалист лаборатории принявший образец
_____;

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі /фамилия, имя, отчество (при его наличии))

Күні/Дата _____;

Қолы/Подпись _____;

* Көрсетілген үлгі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015
жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді
мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12032 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан
Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден
қорғау жөніндегі қағидалардың 8-тармағына сәйкес қайтарылады/*Указанный образец
возвращается в соответствии с пунктом 8 Правил по охране территории Республики
Казахстан от карантинных объектов и чужеродных видов, утвержденных приказом
Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 29 июня 2015 года № 15-08/
590 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых
актов № 12032)

_____;

Зертхана маманы/специалист лаборатории _____;

_____;

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі /фамилия, имя, отчество (при его наличии))

Күні/Дата _____;

Қолы/Подпись_____;

Жапсырма көшірмесі өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторға берілді/

Копия этикетки вручена государственному инспектору по карантину растений

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі /фамилия, имя, отчество (при его наличии))

Күні/Дата _____;

Қолы/Подпись_____;

*Ескертпе/*Примечание: *үлгі қайтарылған жағдайда зертхана қызметкері толтырады/*заполняется сотрудником лаборатории в случае возврата образца.

Қазақстан Республикасының
аумағын карантиндік
объектілерден және бөтен текті
түрлерден қорғау жөніндегі
қағидаларға
4-қосымша
Нысан

Фитосанитариялық бақылау мен қадағалаудан өткендігі туралы мөртаңба

1.

KZ	Карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау				01-001
Әкелуге рұқсат етілген					
Жеткізу	орны	бойынша	карантиндік	фитосанитариялық	
бақылануы		және	қадағалануы	тиіс	
-----		№	-----		
Фитосанитариялық	бақылау	мен	қадағалау	актісі	
Карантиндік	фитосанитариялық	бақылау	мен	қадағалау	
функцияларын		жүзеге		асыратын	
уәкілетті	органның	лауазымды	адамы	-----	
Қолы	-----				

2.

KZ	Карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау				01-001
Ә к е л у г е		т ы ы м		с а л ы н ғ а н	
-----		№		-----	
Карантиндік	фитосанитариялық	бақылау	мен	қадағалау	актіс
Карантиндік	фитосанитариялық	бақылау	мен	қадағалау	
функцияларын	жүзеге	асыратын	уәкілетті	органның	
лауазымды	адамы	-----			
Қолы	_____				

3.

KZ	Карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау				01-001
Транзитке		рұқсат	етілген		
-----		№	-----		
Карантиндік	фитосанитариялық	бақылау	мен	қадағалау	актісі

Карантиндік функцияларын лауазымды Қолы _____	фитосанитариялық жүзеге асыратын адамы _____	бақылау мен уәкілетті	қадағалау органның
---	--	-----------------------	--------------------

4.

KZ	Карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау	01-001
Транзитке тыйым салынған		
----- № -----		
фитосанитариялық бақылау мен қадағалау актісі	Карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамы _____	Қолы _____

5.

KZ	Карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау	01-001
Өткізу құқығынсыз шығаруға рұқсат етілген		
----- № -----		
фитосанитариялық бақылау мен қадағалау актісі	Карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамы _____	Қолы _____

6.

KZ	Карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау	01-001
Шығаруға рұқсат етілген		
----- № -----		
фитосанитариялық бақылау мен қадағалау актісі	Карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамы _____	Қолы _____

7.

KZ	Карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау	01-001
Шығаруға тыйым салынған		
----- № -----		
фитосанитариялық бақылау мен қадағалау актісі	Карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамы _____	Қолы _____

8.

KZ	Карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау	01-001
Түсіру орны бойынша карантиндік фитосанитариялық бақылануы және қадағалануы тиіс		
----- № -----		
фитосанитариялық бақылау мен қадағалау актісі	Карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау	Қолы _____

функцияларын лауазымды	жүзеге адамы	асыратын	уәкілетті	органның
Қолы _____				

Мөртабандарды қолдану бойынша нұсқаулық

Мөртабандардың өлшемі: 60 миллиметр x 35 миллиметр.

Карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау мөртабандарын дайындау кезінде пайдаланылатын шартты белгілер:

Оң жақ жоғарғы бұрышында - өңірдің коды және өсімдіктер карантині жөніндегі шекаралық пункттің (фитосанитариялық бақылау бекетінің) үш таңбалы коды белгіленеді, ол өңірдің кодының астында орналасады.

Сол жақ жоғарғы бұрышында: Еуразиялық экономикалық одақтың шартты бір белгісі - KZ.

"Әкелу рұқсат етілген, жеткізу орны бойынша карантиндік фитосанитариялық бақылануы және қадағалануы тиіс" деген 1-мөртаңба - егер карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша карантинге жатқызылған өнім партиясын әкелуге рұқсат беру туралы шешім қабылданса, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде фитосанитариялық сертификатта және көліктік (тасымалдау) құжатта қойылады.

"Әкелуге тыйым салынған" деген 2-мөртаңба - егер карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша карантинге жатқызылған өнім партиясын әкелуге тыйым салу туралы шешім қабылданса, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде фитосанитариялық сертификатқа және көліктік (тасымалдау) құжатқа қойылады.

"Транзитке рұқсат етілген" деген 3-мөртаңба - егер карантинге жатқызылған өнімді карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша оны өткізуге рұқсат беру туралы шешім қабылданса, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде фитосанитариялық сертификатқа және көліктік (тасымалдау) құжатқа қойылады.

"Транзитке тыйым салынған" деген 4-мөртаңба - егер карантинге жатқызылған өнімді карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы арқылы өткізуге тыйым салу туралы шешім қабылданса, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде фитосанитариялық сертификатта және көліктік (тасымалдау) құжатта қойылады.

"Өткізу құқығынсыз шығаруға рұқсат етілген" деген 5-мөртаңба - карантинге жатқызылған өнімді кедендік ресімдеу аяқталған орындарда, жүктің межелі орны бойынша карантиндік фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу қажет болған жағдайларда қойылады.

"Шығаруға рұқсат етілген" деген 6-мөртаңба карантинге жатқызылған өнімді кедендік ресімдеу аяқталған жерлерде (жеткізу орындарында), карантиндік фитосанитариялық талаптарға сәйкес келген жағдайда қойылады.

"Шығаруға тыйым салынған" деген 7-мөртабан карантиндік фитосанитариялық талаптарға сәйкес келмеген жағдайда карантинге жатқызылған өнімді кедендік ресімдеу аяқталған (жеткізу орындарында) орындарға қойылады.

"Түсіру орны бойынша карантиндік фитосанитариялық бақылануы және қадағалануы тиіс" деген 8-мөртаңба - түсіру орны бойынша карантиндік фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу мақсатында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өзен және теңіз өткізу пункттерінде түсірілгенге дейін фитосанитариялық сертификатта және көліктік (тасымалдау) құжатта теңіз және өзен кемелерін тексеру кезінде қойылады.

Қазақстан Республикасының
аумағын карантиндік
объектілерден және бөтен текті
түрлерден қорғау жөніндегі
қағидаларға
5-қосымша

Карантиндік объектілердің түрлік құрамын айқындау мерзімдері

Зерттеу әдісінің атауы	Зерттеу объектісі	Өткізу мерзімі, жұмыс күндерінің саны*
Карантинге жатқызылған материалдардың үлгілерін (сынамаларын) энтомологиялық зерттеу		
1. Карантинге жатқызылған өнім (материалдар) үлгісінен (сынамасынан) жәндіктерді (буынаяқтыларды) бөлу	1 үлгі (сынама)	1
2. Феромонды немесе түсті ұстағыштардан жәндіктерді (буынаяқтыларды) бөліп алу	1 тұзақ	1
3. Тағамдық қармақжемнен, сыпырындылардан қолмен немесе елеу әдісімен жәндіктерді (буынаяқтыларды) бөліп алу	1 қармақжем (сыпырынды)	1
4. Тағамдық қармақжемнен, сыпырындылардан флотация әдісімен жәндіктерді (буынаяқтыларды) бөліп алу	1 қармақжем (сыпырынды)	1
5. Жарық ұстағыштардан жәндіктерді (буынаяқтыларды) бөліп алу	1 тұзақ	1
6. Жасырын залалдану кезінде флотация, бояу, люминесценция, рентгеноскопия немесе аудиоскопия әдісімен карантинге жатқызылған өнім (материалдар) үлгісінен (сынамасынан) жәндіктерді (буынаяқтыларды) бөліп алу	1 үлгі (сынама)	2
7. Карантинге жатқызылған өнім (материалдар) үлгісінен (сынамасынан) жәндіктерді (буынаяқтыларды) өсіріп бөліп алу (сәйкестендіру үшін жарамды сатыны алу үшін)	1 үлгі (сынама)	30
8. Жәндіктерді (буынаяқтыларды) көзбен шолып және (немесе) микроскопия және морфометрия әдісімен микропрепарат дайындаусыз сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	1

9. Микропрепарат дайындау арқылы микроскопия және морфометрия әдісімен жәндіктерді (буынаяқтыларды) сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	2
10. "Классикалық" полимеразды тізбекті реакция, FLASH-полимеразды тізбектік реакция, "нақты уақыттағы" полимеразды тізбекті реакция, рестрикциондық фрагменттердің ұзындығы полиморфизмін зерделеу полимеразды тізбекті реакция модификацияларын қолдана отырып, жәндіктерді (буынаяқтыларды) сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	3
11. Дезоксирибонуклеин қышқылын (бұдан әрі – ДНҚ) секвенирлеу әдісімен жәндіктерді (буынаяқтыларды) сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	5
Карантинге жатқызылған материалдардың үлгілерін (сынамаларын) микологиялық зерттеу		
12. Картоп түйнегінің үлгісінен (сынамадан) картоп обырының қоздырғышын бөліп алу	1 үлгі (сынама)	1
13. Топырақ үлгісінен (сынамадан) картоп обырының қоздырғышын бөліп алу	1 үлгі (сынама)	2
14. Карантинге жатқызылған өнім (материалдар) үлгісінен (сынамасынан) саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тектес организмдерді көзбен шолу әдісімен бөліп алу	1 үлгі (сынама)	1
15. Карантинге жатқызылған өнім (материалдар) үлгісінен (сынамасынан) саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тектес организмдерді ылғалды камерада өсіру әдісімен бөліп алу	1 үлгі (сынама)	20
16. Қоректік ортада өсіру әдісімен карантинге жатқызылған өнім (материалдар) үлгісінен (сынамасынан) саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тектес организмдерді бөліп алу	1 үлгі (сынама)	20
17. Карантинге жатқызылған өнім (материалдар) үлгісінен (сынамасынан) биологиялық қармақжем әдісімен саңырауқұлақ тектес организмдерді бөліп алу	1 үлгі (сынама)	20
18. Спораларды жуу және центрифугалау әдісімен карантинге жатқызылған өнім (материалдар) үлгісінен (сынамасынан) саңырауқұлақтарды бөліп алу	1 үлгі (сынама)	2
19. Саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тектес организмдерді микроскопия және морфометрия әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	2
20. Классикалық" полимеразды тізбекті реакция, FLASH-полимеразды тізбектік реакция, "нақты уақыттағы" полимеразды тізбекті реакция, рестрикциондық фрагменттердің ұзындығы полиморфизмін зерделеу арқылы полимеразды тізбекті реакция модификацияларын қолдана отырып, саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тектес организмдерді сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	3
21. Саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тектес организмдерді иммуноферменттік талдау (ИФА) әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	2
22. Саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тектес организмдерді ДНҚ секвенирлеу әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	5
23. Саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тектес организмдерге арналған патогендік тест	1 сәйкестендіру	60
24. Саңырауқұлақтарды (саңырауқұлақ тектес организмдерді) масс-спектрометрия әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	1
Карантинге жатқызылған материалдардың үлгілерін (сынамаларын) бактериологиялық зерттеу		
25. Карантинге жатқызылған өнім (материалдар) үлгісінен экстрагирлейтін буферге бактерияларды бөліп алу	1 үлгі (сынама)	2
26. Карантинге жатқызылған өнімнің (материалдардың) үлгісінен (сынамасынан) қоректік ортада (оның ішінде селективті) өсіру әдісімен бактерияларды бөліп алу	1 үлгі (сынама)	14

27. Бактерияларды биохимиялық әдіспен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	20
28. Бактерияларды биологиялық әдіспен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	60
29. Бактерияларды иммунофлуоресценттік талдау (ИФ) әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	1
30. Бактерияларды иммуноферменттік талдау (ИФА) әдісімен талдау	1 сәйкестендіру	2
31. "Классикалық" полимеразды тізбекті реакция, FLASH-полимеразды тізбектік реакция, "нақты уақыттағы" полимеразды тізбекті реакция, рестрикциондық фрагменттердің ұзындығы полиморфизмін зерделеу арқылы полимеразды тізбекті реакция модификацияларын қолдана отырып, бактерияларды сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	3
32. Бактерияларды ДНҚ секвенирлеу әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	5
33. Бактерияларды иммунохроматографиялық талдау (ИХА) әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	1
34. Бактерияларды масс-спектрометрия әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	1
35. Бактерияларды майлы қышқылдардың профилін талдау әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	2
Карантинге жатқызылған материалдардың үлгілерін (сынамаларын) вирусологиялық зерттеу		
36. Карантинге жатқызылған өнім (материалдар) үлгісінен вирустарды, вириодтарды, фитоплазмаларды сығындыға бөліп алу	1 үлгі (сынама)	2
37. Иммуноферменттік талдау (ИФА) әдісімен вирустарды, вириодтарды, фитоплазмаларды сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	2
38. "Классикалық" полимеразды тізбекті реакция, FLASH-полимеразды тізбектік реакция, "нақты уақыттағы" полимеразды тізбекті реакция, рестрикциондық фрагменттердің ұзындығы полиморфизмін зерделеу арқылы полимеразды тізбекті реакция модификацияларын вирустарды, вириодтарды, фитоплазмаларды сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	3
39. ДНҚ секвенирлеу әдісімен вирустарды, вириодтарды, фитоплазмаларды сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	5
40. Биотест әдісімен индикатор өсімдіктерде вирустарды, вириодтарды, фитоплазмаларды сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	60
Карантинге жатқызылған материалдардың үлгілерін (сынамаларын) нематологиялық зерттеу		
41. Берман әдісімен карантинге жатқызылған өнім (материалдар) үлгісінен (сынамасынан) нематодтарды бөліп алу	1 үлгі (сынама)	2
42. Карантинге жатқызылған өнімнің (материалдардың) үлгісінен (сынамасынан) түкті және түкті-флотациялық әдіспен (оның ішінде циста бөлгішті пайдалана отырып) нематодтарды бөліп алу	1 үлгі (сынама)	1
43. Карантинге жатқызылған өнімнің (материалдардың) үлгісінен (сынамасынан) нематодтарды қолмен бөліп алу	1 үлгі (сынама)	1
44. нематодтарды микроскопия және морфометрия әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	1
45. "Классикалық" полимеразды тізбекті реакция, FLASH-полимеразды тізбектік реакция, "нақты уақыттағы" полимеразды тізбекті реакция, рестрикциондық фрагменттердің ұзындығы полиморфизмін зерделеу арқылы		3

полимеразды тізбекті реакция модификацияларын қолдана отырып, нематодтарды сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	
46. ДНҚ секвенирлеу әдісімен нематодтарды сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	5
47. Микроскопирлеу әдісімен цистокұраушы нематодтардың тіршілік ету қабілетін анықтау	1 циста	1
Карантинге жатқызылған материалдардың үлгілерін (сынамаларын) гербологиялық зерттеу		
48. Карантинге жатқызылған өнім (материалдар) үлгісінен (сынамасынан) қол әдісімен және (немесе) елеу арқылы өсімдіктер тұқымдарын және (немесе) жемістерін бөліп алу	1 үлгі (сынама)	1
49. Топырақ үлгісінен (сынамасынан) өсімдіктердің тұқымдарын және (немесе) жемістерін жуу әдісімен бөліп алу	1 үлгі (сынама)	2
50. Өсімдіктерді көзбен шолып және (немесе) микроскопия және морфометрия әдісімен микропрепарат дайындамай сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	1
51. Өсімдіктерді микроскопия және морфометрия әдісімен микропрепарат дайындап сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	2
52. "Классикалық" полимеразды тізбекті реакция, FLASH-полимеразды тізбектік реакция, "нақты уақыттағы" полимеразды тізбекті реакция, рестрикциондық фрагменттердің ұзындығы полиморфизмін зерделеу арқылы полимеразды тізбекті реакция модификацияларын қолдана отырып өсімдіктерді сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	3
53. ДНҚ секвенирлеу әдісімен өсімдіктерді сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	5
54. Өсімдіктер тұқымдарының тіршілік ету қабілетін тетразол әдісімен анықтау	1 зерттеу	2
55. Өсімдік тұқымдарының тіршілік ету қабілетін бояу, плазмолизді зерттеу және (немесе) люминесценция әдістерімен анықтау	1 зерттеу	2
56. Өсімдіктер тұқымдарының тіршілік ету қабілетін бақылау әдісімен анықтау (тұқымның өңгіштігі)	1 зерттеу	10

Ескерту: * бір зерттеуде әртүрлі әдістерді қолдану кезінде өткізу мерзімдері қосылады. Жүргізу мерзімдерін есептеу үлгілер (сынамалар) карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханаға келіп түскен сәттен басталады. Үлгілер зертханаға жұмыс күнінің екінші жартысында келіп түскен кезде, бұл күн зерттеу жүргізу мерзімінде ескерілмейді. Карантиндік объект анықталған жағдайда, әдістемеге қарай қосымша зерттеулер тағайындалады, жүргізу мерзімдеріі толық сәйкестендірілгенге дейін ұзартылады.

Қазақстан Республикасының
аумағын карантиндік
объектілерден және бөтен текті
түрлерден қорғау жөніндегі
қағидаларға
6-қосымша
Нысан

Фитосанитариялық сертификат

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ
АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКЦИЯ
КОМИТЕТІ



REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
MINISTRY OF
AGRICULTURE COMMITTEE
OF STATE INSPECTION IN
THE AGROINDUSTRIAL
COMPLEX

(1) Экспорттаушы және оның мекенжайы
Name and address of exporter

(2) ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ
СЕРТИФИКАТ
PHYTOSANITARY
CERTIFICATE
№ _____

(3) Мәлімделген алушы және оның мекенжайы
Declared name and address of consignee

(4) Кімге: Өсімдіктер карантині
және оларды
қорғау жөніндегі ұйымға (елі)
TO: Plant Protection and
Quarantine Organization(s) of (country)

(6) Ш ы қ қ а н
Place of origin

(5) Мәлімделген әкелу пункті
Declared point of entry
(7) Мәлімделген тасымалдау
т ә с і л і
Declared means of conveyance

(8) Өнімнің атауы; орын саны және буып-түюдің сипаттамасы; айрықша белгілер (таңбалау); өсімдіктің ботаникалық атауы
Name of produce; number and description of packages.
Distinguishing marks and botanical name of plants

(9) Мәлімделген
с а н ы
quantity
declared

(10) Жоғарыда көрсетілген өсімдіктер, өсімдік өнімдері немесе басқа да карантинге жатқызылған материалдар тиісті ресми рәсімдерге сәйкес зерттелді және/немесе талданды және импорттаушы келісуші тарап мәлімдеген карантиндік зиянкес организмдерден таза деп танылды және реттелетін карантиндік емес зиянкес организмдерге арналғандарын қоса, импорттаушы келісуші тараптың қолданыстағы фитосанитариялық қағидаларына сәйкес келеді деп танылды.
This is to certify that the plants, plant products or other regulated articles described herein have been inspected and/or tested according to appropriate official procedures and are considered to be free from the quarantine pests specified by the importing contracting party and to conform with the current phytosanitary requirements of the importing contracting party, including those for regulated non-quarantine pests

(11) Қ о с ы м ш а
Additional declaration

д е к л а р а ц и я

З а л а л с ы з д а н д ы р у
disinflation and/or disinfection treatment

Берілген жері
Place of issue

(12) Өндеу тәсілі /Treatment

(14) К ү н і
Экспозициясы D a t e

(13) Химикат (белсенді зат)
Chemical (active ingredient)

және Уәкілетті
температурасы инспектордың

(15) Концентрация/Concentration

(17) Қосымша ақпарат/ Additional information

Duration and temperature т е г і
(16) Күні /Date Name of
authorized officer

Қ о л ы
Signature
Ұйымның мөрі
Stamp of
organization

Фитосанитариялық сертификаттың артқы жағы

РУССКИЙ 1. Экспортер и его адрес 2. Фитосанитарный сертификат № 3. Заявленный получатель и его адрес 4. Кому: организации (ям) по карантину и защите растений (страна) 5. Заявленный пункт ввоза 6. Место происхождения 7. Заявленный способ транспортировки 8. Наименование продукции; количество мест и описание упаковки; отличительные знаки (маркировка); ботаническое название растений 9. Заявленное количество 10. Настоящим удостоверяется, что растения, растительные продукты или другие подкарантинные материалы, описанные выше, были обследованы и/или проанализированы согласно существующим официальным процедурам и признаны свободными от карантинных вредных организмов, перечисленных импортирующей договаривающейся стороной и отвечают действующим фитосанитарным правилам импортирующей договаривающейся стороны, включая таковые и для регулируемых некарантинных вредных организмов. 11. Дополнительная декларация Обеззараживание 12. Способ обработки 13. Химикат (действующее вещество) 14. Экспозиция и температура 15. Концентрация 16. Дата 17. Дополнительная информация Место выдачи Дата Фамилия уполномоченного инспектора Подпись Печать Организации	FRANCAIS 1. Nom et adresse de l'expéditeur 2. Certificat phytosanitaire № 3. Nom et adresse déclarés du destinataire 4. Organisation de la protection des végétaux de la République Tchèque à Organisation (s) de la protection des végétaux de 5. Lieu d'origine 6. Moyen de transport déclaré 7. Point d'entrée déclaré 8. Marques des colis; nombre et nature des colis; nom du produit; nom botanique des plantes; 9. Quantité déclarée 10. Il est certifié que les végétaux ou produits végétaux décrits ci-dessus - ont été inspecté suivant des procédures adaptées, et - estimés indemnes d'autres ennemis dangereux et - sont jugé conformes à la réglementation phytosanitaire et pratiquement indemnes ennemis d'autres ennemis dangereux et - sont jugé conformes à la réglementation phytosanitaire en vigueur dans le pays importateur 11. Déclaration supplémentaire Traitement de désinfestation et de désinfection 12. Traitement 13. Produit chimique (matière active) 14. Durée et température 15. Concentration 16. Date 17. Renseignements complémentaires Lieu de délivrance Date Nom et adresse de fonctionnaire Autorisé Cachet de l'Organisation
中文/CHINOIS 1 出口商名称和地址 2 植物卫生证明 3 收货方名称和地址 4 从 的保护植物机构到 的保护植物机构 5 原产地 6 运输方式 7 入境地 8 包装品数目和性质: 包装标记, 产品名称, 植物的植物学名称 9 数量 10 兹证明所有上述规定的植物, 植物产品或者其他物品都是按照正常官方程序接受了检查检查以及/或者检测, 如合同进口方说明的, 它们不携带检疫生物, 因此被认为符合合同进口方现行的植物卫生条件, 包括固定的非检疫生物. 11 补充声明 预防侵入以及/或者预防感染处理 12 处理 13 化学产品(烈性材料) 14 期限和温度 15 浓度 16 日期 17 补充声明 交货地点/批准人名字和签字/批准结构盖章	عربي 1. اسم عنوان الجهة المصدرة 2. شهادة صحة نباتية 3. اسم و عنوان المرسل إليه المصرح بهما 4. جهاز الحماية النباتية في جهاز (أجهزة) الحماية النباتية 5. المصدر 6. وسيلة النقل المصرح بها 7. منفذ الدخول المصرح به 8. عدد و نوع الطرود: العلاقات المدونة على الطرود، نوع المنتج، الاسم النباتي للنبات 9. الكمية المصرح بها 10. نشهد بأنه قد تمت معاينة و/أو فحص النباتات أو المواد الأخرى الخاضعة للأنظمة و الموصوفة أعلاه وفق الإجراءات الرسمية المناسبة و أنها وجدت خالية من مكونات 11. يتعين الحجر عليها أما هو محدد من قبل الجهة المتعاقدة المستوردة و أنها مطابقة لمستلزمات الصحة النباتية المرعية الإجراء لدى الجهة المتعاقدة المستوردة، بما 12. فيها تلك التي تخص المكونات الخاضعة للأنظمة لا تلك التي يقتضى إخضاعها للحجر الصحي . - النباتات خالية عمليا من مكونات ضارة أخرى. - تصريح إضافي - معالج تسرب الطفيليات و/أو الفساد - المعالج 13. منتج أيمبي (مادة نشطة) 14. المدة و الحرارة 15. التراكيز 16. التاريخ 17. معلومات إضافية - مكان الإصدار - اسم و توقيع الموظف المسؤول - ختم المنظمة

объектілерден және бөтен текті
түрлерден қорғау жөніндегі
қағидаларға
7-қосымша
Нысан

(өсімдіктер карантині жөніндегі
уәкілетті орган

ведомствосының аумақтық
бөлімшесі)

(заңды тұлғаның толық атауы
немесе жеке

тұлғаның аты, әкесінің аты
(бар болса), тегі)

(бизнес сәйкестендіру нөмірі/
жеке сәйкестендіру нөмірі)

Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат алуға арналған өтініш

Қазақстан Республикасынан мынадай карантинге жатқызылған өнімді әкетуге
фитосанитариялық сертификат беруді сұраймын:

карантинге жатқызылған өнімнің атауы _____

_____,
көлемі, оның сипаттамасы _____

_____,
орын саны және орамасының сипаттамасы, айырым белгілері, таңбалануы

* Өсімдіктердің ботаникалық атауы _____;

Жүк алушы, карантинге жатқызылған өнім жүгін алушының мекенжайы

Карантинге жатқызылған өнімнің межелі орны _____

Импорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі ұлттық қызметінің өсімдіктер
карантині саласындағы талабы _____

Фитосанитариялық сертификаттың қосымша декларациясында көрсетілуі тиіс
мәліметтер _____

_____;

Залалсыздандыру жүргізілгені туралы мәліметтер: фитосанитариялық талаптарда не келісімшартта (шартта) көзделген карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру тәсілі _____

_____,
карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруды (фумигациялауды) жүргізу кезінде пайдаланылған пестицидтің атауы _____

_____,
карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру (фумигациялауды) жүргізу кезіндегі

тұрақты экспозиция _____,
карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру (фумигациялау) қандай температурада жүргізілді _____
карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруды (фумигациялауды) жүргізу кезінде пайдаланылған пестицидтің концентрациясы _____

_____;
Карантинге жатқызылған өнім туралы қосымша ақпарат _____

_____;
Импорттаушы елдің атауы _____;

Карантинге жатқызылатын өнімнің межелі мекенжайы _____
_____;

Көлік түрі, көлік құралының нөмірі, кемеңің атауы, тасымалдау түрі _____
_____;

Карантинге жатқызылған өнімнің жүру маршруты _____
_____;

Тиеп жөнелту күні, тиеп жөнелту орны _____;

Карантинге жатқызылған өнімді әкелу болжанатын импорртаушы елдің шекаралық пунктінің атауы _____

_____;
Карантинге жатқызылған өнім шығарылған ел _____

_____;

